

## ӨНЕРКӘСІПТІ ОРНАЛАСТЫРУ ФАКТОРЛАРЫ

**Өнеркәсіпті орналастыру факторлары** – кеңістіктік (пространственный) жағдайлар және ресурстар, олардың қасиеттерін ескере отырып, өнеркәсіптік объектілер мен аудандар шаруашылықтарын тиімді (эффективно) орналастыру.

Орналастыру жағдайларына табиғат ортасы, халық (еңбек күші және тұтынушы), материалды-техникалық және ғылыми база, өнеркәсіптік коммуникациялар жүйесі, өнеркәсіп дамуының тарихи жағдайлары жатады.

Факторлардың келесідей топтарын жіктейді:

**Табиғи.** Оларға табиғат ресурстарының қорлары (запасы) мен сапасы жатады, оларды өндірудің тау-кен және геологиялық жағдайлар, жергілікті жердің климаттық, гидрогеологиялық, орографиялық сипаттары жатады. Олар отын, энергетикалық, шикізаттық және суды қажет ететін өндіруші өнеркәсіпті орналастыру кезінде шешуші рөл атқарады.

**Әлеуметтік-экономикалық,** оларға халықты орналастыру ерекшеліктері, еңбек ресурстарының аймақтың жинақталуы (концентрация) және олардың *сапалық сипаты (качественная характеристика)* жатады.

**Материалдық-техникалық және нарықтық-инфрақұрылымдық жағдайлар мен факторларға** материалдық-техникалық және ғылыми-техникалық базалар, нарық инфрақұрылымы жатады.

**Техникалық-экономикалық факторлар** шикізатты, материалдар мен өнімдерді өңдеу мен өткізуге (реализация) кететін шығындарды анықтайтын (определяющий) факторлар.

Оларға жатады:

- **Энергетикалық факторлар.** Бұл фактор химиялық өнеркәсіп пен түсті металлургияда (капрондық және вискозалық жібек, алюминий, никель) маңызды орын алады, себебі бұл өнеркәсіп орындарына энергия өте көп қажет және оларда шикізат пен материалдарға қарағанда энергетикалық шығындар (затраты) басым болады. Сонымен бірге, электроэнергетика, металлургия, химиялық және мұнай-химиялық өнеркәсіптерде де энергетикалық фактордың рөлі басым болып табылады. Сондықтан, бұл өнеркәсіп орындарын арзан энергия көздеріне жақын орналастырған тиімді.

- **Су ресурстары факторы.** Су ресурстары факторы химиялық, целлюлоза-қағаз, мақта-мата (тестиль) өнеркәсібі, қара металлургия, электроэнергетика үшін маңызды болып табылады. Сондықтан, бұл өнеркәсіп орындары суы мол жерлерде салынуы тиіс.

- **Еңбек факторы** (өнімді жасау үшін кеткен адам еңбегі шығындары) машина жасауды (оның ішінде құрал жасау), жеңіл өнеркәсіп, сонымен бірге басқа да салалардың ірі өнеркәсіптерін салғанда шешуші рөл атқарады. Бұл жерде өнеркәсіп орындарының жұмыс күшіне деген абсолютті сұранысына назар аудару қажет.

- **Жер факторы.** Ол өнеркәсіптік құрылыс (строительство) кезінде жер таңдау (выбор), ауыл шаруашылығы дамыған аудандар үшін маңызды.

- **Шикізаттық фактор.** Ол дайын өнім жасау үшін кететін шикізаттың және негізгі материалдардың шығынына тәуелді (зависит). Шикізат қажеттілігі (потребность) жоғары өнеркәсіптерге толық циклды қара және түсті металлургия, целлюлоза-қағаз, гидролиз, фанералық, цементтік, қант жасау өнеркәсіптері жатады.

- **Көліктік фактор** үлкен аумақтарды алып жатқан елдер үшін өзекті (актуальный) болып табылады. Көлік үшін кететін шығындары қара металлургия мен минералды-шикізаттық материалдар өндіруде жоғары.

- **Агроклиматтық жағдайлар** ауыл шаруашылық аймақтар үшін маңызды. Ол жердің құнарлығы, климат, су режимімен байланысты. Климатты бағалау ауыл шаруашылық аймақтың агроклиматтық жағдайы мен әр түрлі мәдени өсімдіктердің қажеттіліктеріне (потребности) тәуелді.

- **Өнеркәсіпті орналастырудың экологиялық факторы** қазіргі кезде ерекше рөлге ие, себебі ол табиғат ресурстарына ұқыпты қарап, адамның өмір сүру ортасының қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Табиғаттың антропогендік ластануынан туындайтын жоғары экономикалық шығындар, адам денсаулығына тиетін кері әсер өнеркәсіпті орналастыруда экологиялық факторды *ескеру қажеттілігін туындатты (вызвало необходимость)*.

- **Тұтынушылық бағыттылық (направленность)** жеңіл және тамақ өнеркәсіптері үшін аса маңызды болып табылады.

Белгілі бір сала үшін бірнеше фактор шешуші рөл атқаруы мүмкін. Кейбір факторлар өте маңызды болса, кейбіреуінің маңыздылығы аса жоғары емес.

**Дерек көзі:** <http://www.grandars.ru/shkola/geografiya/factory-razmeshcheniya-proizvodstva.html>